Балыкшор

403,55 м2
Нарынкол

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ | **ПРИКАЗ**

29.06.2022 ж. № 63-НҚ

Талдықорған қаласы | город Талдыкорган

НОЗ
НФС
экономика

«Байынқол су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI Заңының 8-бабы 15) тармақшасына, 33-бабына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы қағидасының 46-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Байынқол су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның:

1.1. қоса беріліп отырған № 1 қосымшаға сәйкес суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тарифі;

1.2. қоса беріліп отырған № 2 қосымшаға сәйкес су шаруашылығы жүйесіндегі реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтеріне есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін ақы мөлшері тиісінше бекітілсін.

2. «Нарынқол су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның су жүйесіндегі беру қызметіне тариф және тарифтік сметасын төмендетіп бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 214-НҚ бұйрығының қолданылуы тоқтатылсын.

3. Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Байынқол су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның назарына жеткізсін.

4. «Байынқол су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тариф деңгейінің өзгеруі туралы ақпаратты заңнамада белгіленген мерзімде хабарлауы міндеттелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

6. Осы бұйрық 2022 жылдың 01 тамызынан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1, 2-тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2023 жылдың 31 шілдесіне дейін қолданыста болады.

Департамент басшысы **А. Сағымбеков**

001377

Көшірмесі дұрыс

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

«__» _____ вх. № 6
«19» 01 2023 г.
РГУ «АРЭЧ» МО РК